

ӘОЖ 37.014

Н. Анарбек

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: nazanar@gmail.com

Контент-талдаудың салыстырмалы-педагогикалық зерттеу әдісі ретіндегі ерекшеліктері

Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне мүше ретінде кіруі қарсаңында білім беру жүйелеріне салыстырмалы зерттеулер жүргізу қажеттілігі өзекті мәселеге айналды. Бұл ағым әлемдік білім беру ісінде болып жатқан жаһандану және бірігу үдерістерінің кезеңінде көптеген елдерде, аймақтарда байқалады. Салыстырмалы педагогиканың ғылым ретінде жаңаша дамуы әдіснамалары мен әдістемелерінің қарқынды түрде толықтырылуымен сипатталады; этномәдени, пәнаралық, парадигмалық, ресурстық тәсілдер, сондай-ақ модельдеу, контент-талдау (мазмұндық талдау) әдістері қолданылады.

Осы мақала шеңберінде салыстырмалы педагогикалық зерттеуде контент-талдау әдісін қолданудың ерекшеліктері жан-жақты талданып, оның білім беру жүйелерін зерттеудегі тендесі жоқ әдіс екендігі толық дәлелденеді, сонымен қатар бұл әдістің келешекте даму мүмкіншілігі де зор.

Түйін сөздер: контент-талдау, салыстырмалы-педагогикалық зерттеу.

N. Anarbek

The peculiarities of the content-analysis as a comparative pedagogical research method

In the conditions of entry of Kazakhstan into world educational space need of carrying out comparative researches of educational systems is staticized. Also it is a tendency in the conditions of the being globalized world community it is traced in many countries, regions. Modern development of comparative pedagogics as sciences is characterized by intensive enrichment of methodology and a technique of carrying out researches: are used ethno cultural, interdisciplinary, paradigmatic, resource approaches. And also methods of modeling, technologization, content analysis. Within this article it would be desirable to answer questions of features of use of the content analysis in comparative and pedagogical research: carrying out structure, types of selections, analysis units, etc.

During an era of the globalization and integration processes happening in the worlds education for effective carrying out comparative and pedagogical researches new tools, methods, technologies which need to be introduced already when training teachers are necessary. Apparently from this work the content analysis is an irreplaceable method of research of educational systems and has big prospects of development.

Keywords: comparative education, content analysis, comparative pedagogical research

Н. Анарбек

Особенности контент-анализа как сравнительно-педагогического метода исследования

В условиях вхождения Казахстана в мировое образовательное пространство актуализируется необходимость проведения сравнительных исследований образовательных систем. Данная тенденция в условиях глобализирующегося мирового сообщества прослеживается во многих странах, регионах. Современное развитие сравнительной педагогики как науки характеризуется интенсивным обогащением методологии и методики проведения исследований: используются этнокультурный, междисциплинарный, парадигмальный, ресурсный подходы, а также методы моделирования, технологизации, контент-анализа. В рамках данной статьи хотелось бы ответить на вопросы об особенностях использования контент-анализа в сравнительно-педагогическом исследовании: структура проведения, типы выборки, единицы анализа и т.д.

В эпоху глобализационных и интеграционных процессов, происходящих в мировом образовании, для эффективного проведения сравнительно-педагогических исследований необходимы новые инструменты, методы, технологии, которые необходимо внедрять уже при подготовке педагогов. Как видно из данной работы контент-анализ является незаменимым методом исследования образовательных систем и имеет большие перспективы развития.

Ключевые слова: сравнительное образование, контент-анализ, сравнительно-педагогическое исследование.

Кіріспе

Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне мүше ретінде кіруі қарсаңында білім беру жүйелеріне салыстырмалы зерттеулер жүргізу қажеттілігі өзекті мәселеге айналады. Осындай зерттеулерге қатысты туып отырған бүгінгі қызығушылық себептерінің мәні екі негізгі ағыммен байланысты: біріншіден Қазақстан Республикасының өз тәуелсіздігін алуы және сәйкесінше ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы болса, екіншіден, қазіргі әлемдік жаһандану ағымдары мен қоғамның ақпараттануы және әлемдік білім беру кеңістігімен бірігу қажеттілігі.

Салыстырмалы педагогиканың ғылым ретінде әлемдік даму тәжірибесінде зерттеулер жүргізу әдіснамалары мен әдістемелерінің қарқынды түрде дамуы байқалады: этномәдени, пәнаралық, парадигмалық, ресурстық тәсілдер, сондай-ақ модельдеу, технологияландыру, мазмұндық талдау әдістері қолданылады. Осы мақала шеңберінде салыстырмалы педагогикалық зерттеуде контент-талдау, мазмұндық талдау (контент-анализ) әдісін қолданудың ерекшеліктері туралы сұрақтарға жауап беру көзделеді.

Негізгі бөлім

Мазмұндық талдаудың психологиялық-педагогикалық ғылымдарда ғылыми әдіс ретінде қолданылуы енді ғана басталып келеді. В.Е.Семенов бұл әдістің:

- өз алдына жеке зерттеу әдісі ретінде;
- өзге зерттеу әдістерімен бірге;
- өзге әдістер арқылы алынған деректерді өңдеудің көмекші әдісі ретіндегі мүмкіндіктерін анықтады [1].

Жеке әдіс ретінде қарастыратын болсақ, біз құрғақ қалдық түріндегі монографиялық зерттеулерге қол жеткіземіз. Монографиялық зерттеулердің екі сегменттік түрі бар: біріншісі, жалпы тәсілге, зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу әдісіне, екіншісі, жеке немесе ұжымдық жұмыстың нәтижелері көрсетілген ғылыми шығарма түріне бағытталады.

Монографиялық тәсілдің сипаттамалары келесідей [2]:

- жеке проблемаларды зерттеуге зейінді шоғырландыру;
- талданатын деректерді қарастырудың бүтіндігі;

- зерттеушілік қызмет пен оның нәтижелерін сипаттауға арналған шығарма құрылымының бірлігі (тұтастығы);

- фундаменталдылық, жалпыландыру, теориялық бағыттандырылу.

Ең жалпылама түсінікте тәрбие және тәрбие білім беру үдерісін қамтитын білім беру, педагогикалық қызмет, білім беруді басқару, білім беру ұйымдары, педагогикалық теориялар мен тұжырымдамалар монографиялық зерттеудің зерттеу нысаны болып табылады.

Өзге әдістермен үйлестікте мазмұндық талдаудың қос векторлық қасиеті болады: талдаудың мәні әрбір символдың қолданылу жиілігін тіркеу және әрбір символға жүргізілген бағалауды (қолайлы, қолайсыз, бейтарап) тіркеумен байланысты.

Мысалы, газеттердің мазмұнын салыстырмалы түрде талдау үшін келесі операциялар қолданылды: бір символдың қолданылу жиілігі әртүрлі газеттер бойынша да, әртүрлі кезеңдер, әртүрлі газеттер мен әртүрлі кезеңдердегі бірдей символдарды бағалаудың әртүрлі нұсқаларын қолдану, символдарды бағалаудың бірдей нұсқаларын қолдану бойынша да салыстырылды.

Контент-талдауды қолданудың үшінші бағытына қатысты келесіні атап өткіміз келеді. Сараптау әдістері осы салада еңбек ететін мамандардың білімі, тәжірибесі және интуициясының негізінде зерттелетін педагогикалық құбылыстардың априорлық бағаларын алуға мүмкіндік бере отырып, адамның эвристикалық мүмкіндіктерін қолданады. Педагогикалық сараптама жүргізген кезде назарды сарапшылардың ғана шешімдеріне емес, қандай да бір шешімге негіздеме беретін аргументтерге, нақты педагогикалық факторлар мен ары қарайғы эксперименталдық және теориялық жұмыс үшін қажетті қарым-қатынастарды анықтауға шоғырландыру керек [1].

Кез келген жағдайда мазмұндық талдауды қолдану үшін зерттеуші, ең алдымен, келесілерді анықтауы қажет [2]:

- 1) нақты мақсаты немесе мақсаттар баспалдақтары, яғни нақты нені зерттегісі келеді;
- 2) таңдалған материалға алдағы уақытта мазмұндық талдау жасау мақсатымен болжам жасау;
- 3) бастапқы ақпаратты жинауға негіз болатын таңдау жиынтығы;
- 4) зерттеушіні қызықтыратын ақпаратты айқындау әдісі;

- 5) талдау бірліктері;
- 6) мақсаттарға сай пікірлерді жіктеу белгілері;
- 7) жиналған ақпаратты саны бойынша өңдеу тәсілдері;
- 8) мазмұндық тұжырымдау әдістері.

Нақты тақырып бойынша жазбаша хабарламаға талдау жасайтын зерттеушінің артықшылықтары бастапқы ақпаратты жинауда уақыттың үнемделуімен байланысты. Шығарманың тақырыбын берген сәттен бастап зерттеуші оны коммуникаторларды нақтырақ жауаптарға бағыттайтындай түрде барынша мақсатқа сай тұжырымдай алады.

Зерттеуші алдына қандай мақсаттар қоюы мүмкін – мәтіндерді талдаудың көмегімен коммуникаторды, оның сипаттамаларын, оның өз қызметтері туралы пікірлерін ашу немесе аудиторияны, топтың құндылықтар стереотипін, өздері талғайтын мінез-құлық үлгілерін, педагогикалық тұлғалар туралы білімдерін және т.б. айқындау. Зерттеудің фундаменталдық немесе қолданылмалы, стратегиялық немесе тактикалық болу сипатына байланысты мақсаттардың өзгеше үйлесімі де болуы мүмкін. Бұл анықтамалар көп мағыналы болған жағдайда біз бұл қарама-қайшылықтан бір ғана мағынаны таңдаймыз: бір тарапта қысқаша түрде «өзгеріссіз қайта беру үшін оқып білу» деп белгілеуге болатын қандай да бір ақпарат көзі қызметінің мазмұнын талдаудың міндеттері тұрса, екінші тарапта «өзгерту, түзету үшін оқып білу» деген міндет тұрады.

Зерттеудің мақсаттары, міндеттері мен болжамдары және негізгі нәтижелерді тұжырымдау тәсілдері зерттеу бағдарламасына енгізіледі.

Бастаушы зерттеушілер әдістің күрделілігін, мұқияттылығын, дәлдігін, көп еңбекті қажет ететіндігін ойлағаннан аздап сескенуі мүмкін, осы себептен өз қорытындыларымызды қолданатын кезең барынша толыққанды болуы үшін зерттелетін мәтіндерді іріктеудің ең шағын мөлшері қандай болу керек деген сұрағына қисынды жауап іздейтін сұрақ туындайды [2].

Репрезентативті, яғни мүмкіндігінше кеңірек жиынтықты қамтып ұсына алатын іріктеулердің үлкен сыныбы бар. Бұл сыныпты келесі типтерге бөлуге болады:

- квоталық іріктеулер – оларды құраған

кезде іріктеу жүргізілетін барлық бірліктер жиынтығы туралы қосымша ақпарат болуы тиіс. Мысалы, нақты бір елді зерттеу үшін оның тұрғындарының аймақтар бойынша жынысына, жасына, біліміне қарай таралуын білу қажет.

- ықтимал, кездейсоқ іріктеулер – нақты адамдар кездейсоқ түрде іріктеледі.


Репрезентативті іріктеудің дәл осы екінші түрі мазмұндық талдау үшін қолдануға жарамды.

Іріктеулердің және бір сыныбы – типологиялық сынып – зерттеу жүргізу барысында біздің бақылап отырған құбылысымыз бар және оның біздің зерттеулеріміз барысында тіркелген белгілі бір сипаттамалары бар делінеді.

Мәтіндерді зерттеу тәжірибесінде мазмұндық талдау кезінде талдау категориясы нақты зерттеудегі проблеманың баламасы болып табылады. Бұл проблеманың сыйымды, сонымен бірге ықшамды келбеті. Талдау категориясы бізге мәтінде тікелей берілген жұмыстық категория болып табылмайды, бұл сипаттама мәтіндердің бүкіл жиынтығына көбірек тән. Шығармаларды талдау техникалық рәсімдерден басталады. Ең алдымен, зерттеуші жалпы мазмұнның ішінен талдау категориясын қызықтыратын белгілер туралы тікелей немесе жанама түрде айтылатын фрагменттерді таңдап алады. Әрбір фрагмент сол жаққа жеке картаға жазылып алынады [2].

Нақты мәтіндермен жұмыс істей отырып, зерттеуші жазып алынған талдау категориясының белгілерін бірыңғай формальдық жүйеге келтіретін талдаудың жұмыстық бірлігіне сүйенеді. Осы мақсатта нысандау, фрагменттерді жеке карталарға оң жаққа жазылатын бірыңғай мүшелері жоқ жай сөйлемдерге түрлендіру бойынша рәсімдер жүзеге асырылуы тиіс (1-сурет).

Әңгіме ақпараттық материалдардың географиясы туралы болған жағдайда кез келген жеке материал талдау бірлігі бола алады. Ал үлкен материалдар әртүрлі елді мекендер туралы, әртүрлі аймақтар және т.б. туралы ақпараттарды қамтиды. Яғни талдау бірлігін біз іздеген географиялық тип туралы мәлімет кездесуі мүмкін мәтіннің ең кіші бірлігі ретінде қарастыру қажет. Ең алдымен, бұл сөз, мекеннің атауы болуы, бізге қажетті «географиялық нүктеге» арналған абзац, бізге қажетті нүкте туралы әңгімелері бар мәтін үзінділері болуы мүмкін.



1-сурет – Мәтін бірліктерін нысандандырудың мысалы

Талдау бірлігі ретінде сөзге сүйене отырып, біз өзіміз таңдаған типологияда қандай да бір типке келетін сөздерді санаймыз, бұл ретте қай типке көбірек сөздер арналған болса, коммуникатор дәл сол типке көбірек көңіл бөледі деп аламыз.

Талдау бірлігі ретінде абзацқа сүйене отырып, біз өзіміз таңдаған типологияда қандай да бір типке келетін абзацтарды санаймыз, бұл ретте қай типке көбірек абзацтар арналған болса, коммуникатор дәл осы типке көбірек көңіл бөледі деп аламыз. Сонымен бірге абзацтардың көлеміндегі айырмашылықтарға мән бермей бәрін тең құқылы деп қарастырамыз.

Талдау бірлігі ретінде мәтін үзіндісіне сүйене отырып, біз мәтіннің қай үзіндісі ірі немесе шағын – белгілі бір типке сәйкес келетінін өлшеуіміз керек [1].

Талдау бірліктерінің екі тобы:

1) материалды бүтіндей сипаттайтын белгісі талдау бірлігі болып табылады: жеделдік – оқиғаның уақыттық өлшемін тіркеу; материалдық атқарымдық тиістілігі және т.б.

Мұндай жағдайларда белгі жағдайлар санының соңғысымен сипатталуы тиіс, яғни әрбір материал нақты бір модификацияға жатқызылуы үшін зерттеуші белгінің барлық ықтимал түрлерін қарастыруы тиіс «Белгі бойынша жіктелмейтін материал» деген де модификация болуы мүмкін. Материалдар саны саналады.

2) мәтіннің жеке үзіндісі талдау бірлігі болып табылады: сөз, кейіпкер, абзац, мәтін үзіндісі, яғни барлық жағдайларда әңгіме зерттеушінің қызықтыратын жеткілікті деңгейде шектеулі сөздер, кейіпкерлер, пікірлер жинағы туралы болып отыр.

Олардың мәтінде пайда болуын тіркеу тәсілдері [2]:

- әрбір сөздің мәтінде кездесуінің жалпы саны есептеледі;
- ізделетін сөздері бар сөйлемдер, абзацтар саны есептеледі;
- ішінде кемінде бір ізделетін сөзі бар материалдардың саны есептеледі.

Қызықтыратын сапалық сипаттамаларды айқындау үшін шығарманың тақырыбын белгілей отырып, зерттеуші зерттелетін нысандардың, денелердің, атрибуттардың қажетті құрамдас бөлігі деп есептейтін сипаттамалардың толық немесе ең маңызды тізімінен тұратын құрамдас идеал үлгі деп аталатын үлгіні құрастырады.

Нақты мәтіндердегі таңдалған талдау бірліктерін тіркеу әдістері:

1) библиографиялық карталармен жұмысқа ұқсас: таза бланкке сипаттамалардың атаулары немесе код бойынша сандық нөмірлері енгізіледі, бұл бланктер жинақталады, осыдан кейін қандай да бір сипаттаманың кездесу жиілігі жиынтықталады;

2) бөлшектеп жіктеуге кіріскен кезде зерттеуші педагог талданатын мазмұнды сандық өңдеуге арналған матрица дайындайды. Көлденеңінен ең үлкен маңыздылығына қарай тәртіппен сапалық сипаттамаларды орналастырады, ал тігінен шығармалардың нөмірлері орналастырылады;

3) зерттеуші сипаттаманың кездесуіне қызығушылық танытқан жағдайда ол еркін тізім құрастырады және мәтінде кездескендері ғана шеңбермен белгіленеді.

Төменде талдау бірлігі мәтін үзіндісі болып табылатын жағдайға арналған мазмұндық талдау кестесінің мысалы келтіріледі. Бірінші параграфта Қазақстанның мемлекеттік деңгейдегі ұлттық үздіксіз білім беру үлгісінің түйінді өлшемдеріне жүргізілген талдау қарастырылған

1-кесте – Мазмұндық талдау кестесін құрастырудың мысалы

Құжатнама	Азаматтық ұстаным	Мәдениетті білу	Мемлекеттік тілді білу
2007 жылғы 7 шілдедегі ҚР «Білім беру туралы» заңы.	+	+	+
ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы	+	+	+
Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасы	+	+	+
1995 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасындағы білім алушы жастарға құқықтық білім беру тұжырымдамасы	+		
1996 жылғы 15 шілдедегі ҚР этномәдени білім беру тұжырымдамасы	+	+	+
28.09.99 жылғы ҚР мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы	+	+	+
2002-2004 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін ақпараттандыру тұжырымдамасы, Астана қ. 2001 ж.			+
21.11.2001 жылғы ҚР әдеп және жыныстық тәрбие беру тұжырымдамасы	+	+	
2006-2008 жылдарға арналған ҚР азаматтарын патриоттық тәрбиелеу мемлекеттік бағдарламасы.	+	+	+
2006-2011 жылдарға арналған ҚР азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы	+	+	
2008-2009 жылдарға арналған «Жастар мен жасөспірімдер» Алматы қалалық мақсатты бағдарламасы	+	+	

(1-кесте). Контент-талдау әдісі әзірленетін үлгілердің түйінді өлшемдерінің кездесуін анықтау үшін заңнамалық актілерді зерттеуде негізгі әдіс ретінде қолданылды: азаматтық ұстаным; мәдениетті, салт-дәстүрлерді білу және көбейту; мемлекеттік тілді білу [3].

Контент-талдауды қолданудың және бір мысалын келтірейік. Бұл жағдайда мазмұндық талдаудың бірлігі ретінде материалдың белгісі – реферат мазмұндарының салыстырмалы-теориялық сипаты алынады. Біз студенттердің «Шетелдегі білім беру жүйесі (ел таңдау бойынша)» тақырыбы бойынша рефераттарды зерттедік. Рефераттардың мазмұн сипатын анықтау үшін мазмұндық талдау байланыстылық өрісін құруға негізделе отырып ондағы категориялардың байланыстылығын айқындау мақсатында жүргізілді Е.Я. Таршис «байланыстылық» терминін америкалық зерттеушілердің жұмыстарында кездесетін «өзара бірлестік», «бірлескен күйде болу» терминдерінің синонимі деп түсінеді [4].

Қарапайым байланыс өрісі белгілі бір тәртіппен орналасқан категориялардың бірлескен

күйде болу жиіліктерінің жиынтығынан тұрады. Мысалы, А және В екі категориясы үшін байланыс өрісі келесі түрде болады: АВ; АВ; АВ; АВ, мұндағы АВ – А және В категорияларының рефераттар мазмұны мен тақырыптарында кездесу жиілігі; АВ – олардың мәтінде екеуінің де бірдей кездеспеу жиілігі; АВ – В категориясының А категориясынсыз кездесу жиілігі; АВ – А категориясының В категориясынсыз кездесу жиілігі.

Егер А категориясы ретінде ҚР білім беру жүйесі алынса, В категориясы ретінде өзге елдің, мысалы, Ирландияның білім беру жүйесі алынса, рефераттың тақырыптарының негізінде (2-кесте) осы категориялардың бірінші байланыс өрісін құрамыз: 1-тарауда әңгіме тек ҚР білім беру жүйесі туралы болады, яғни АВ; ал 2-тарауда Ирландиядағы білім беру жүйесі ашып көрсетіледі, яғни АВ. Мұндай зерттеулерді біз сипаттаушы-салыстырушы жұмыстарға жатқызамыз.

Салыстырмалы-теориялық деңгей келесі байланыс өрісінің болуын талап етеді: АВ – А және В категорияларының рефераттардың мазмұны

мен тақырыптарында бірге кездесу жиілігі.

Сонымен, реферат материалының мазмұнын іріктеу, оны мазмұндау: көрсетілген тақырыптарына қарамастан рефераттардың басым бөлігіне сипаттаушылық белгі тән болып шықты: бірінші тарау – ҚР білім беру жүйесінің сипаттамасы, екінші тарау – екінші елдің білім жүйесін сипаттайды, тек қорытынды бөлімде ғана негізгі ұқсастықтар мен айырмашылықтар айқындалады. Сипаттаудың жоғарырақ деңгейі – тараудың ішіндегі параграфтардың атаулары әрбір ел бойынша сәйкес келіп отырды,

яғни материалдың мазмұны құрылған негізгі көрсеткіштер анықталды (Н. Боровскаяның атауы бойынша жоспар-проспект). Мұндай мазмұнның үлгісі 2-кестеде келтірілген.

Әрине, студенттерге материалды өлшемдер бойынша жинақылау қиын болды, параграфтарды жиналған ақпараттардың бір бөлігі рефераттан тыс қалмайтындай етіп тұжырымдауға тура келді. Әрбір параграфта салыстыру жасалған салыстырмалы теориялық сипаттағы рефераттар да болды, бұндай көрсеткіш 4 студенттің ғана қолынан келді (15,4%) [3].

2-кесте – Сипаттаушы типті рефераттың мазмұны

Мазмұны
Кіріспе
1-тарау. Қазақстандағы білім беру жүйесінің қазіргі заманғы жағдайы және даму ағымдары
1.1. ҚР білім беру жүйесінің мақсаты және моделі
1.2. ҚР білім беру мекемелеріндегі білім берудің мазмұны және бақылау нысандары және білім алушылардың әрбір сатысының танымдық әрекеттерінің нәтижелерін бағалау
Қорытындылар
2-тарау. Ирландиядағы білім беру жүйесінің қазіргі заманғы жағдайы және даму ағымдары
2.1. Ирландиядағы білім беру жүйесінің мақсаты және моделі
2.2. Ирландиядағы білім беру мекемелеріндегі білім берудің мазмұны және бақылау нысандары және білім алушылардың әрбір сатысының танымдық әрекеттерінің нәтижелерін бағалау
Қорытындылар
Қорытынды бөлім
Әдебиеттер
Қосымшалар

Қорытынды

Әлемдік білім беру ісінде болып жатқан жаһандану және бірігу үдерістерінің кезеңінде салыстырмалы педагогикалық зерттеулерді тиімді жүргізу үшін жаңа құралдар, әдістер,

технологиялар қажет және оларды педагогтарды дайындау кезеңінен бастап енгізу керек. Осы еңбектен көріп отырғанымыздай контент-талдау білім беру жүйелерін зерттеудің тендесі жоқ әдісі болып табылады және әдістің даму болашағы зор.

Әдебиеттер

- 1 Кузьмина Н.В., Князева Г.Н. Контент-анализ / Методы системного педагогического исследования. – Л.: ЛМУ баспасы, 1980. – 104-110 бб.
- 2 Федотова Л.Н. Контент-аналитические исследования СМИ и пропаганды. – М.: Мәскеу университетінің баспасы, 1988. – 77 б.
- 3 Анарбек Н. Вариативность высшего образования в эпоху глобализации. – Алматы, 2009. – 256 бет.
- 4 Таршис Е.Я. Измерение связанности категорий в контент-анализе / Проблемы контент-анализа и социология. – М.-Л., 1973. – С. 112-115.

References

- 1 Kuzmina N.V., Knyazeva G.N. Content analysis /Methods of system pedagogical research. – Leningrad, 1980. – P. 104 – 110.
- 2 Fedotova L.N. Content-analytical research of media and propaganda. – M, 1988. – 77 p.
- 3 Anarbek N. Variability of higher education in the epoch of globalization. – A., 2009. – 256 p.
- 4 Tarschys E. Dimension of cohesion categories in the content-analysis /Problems of content-analysis and sociology. – M, Leningrad, 1973. – P.112-115